

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ
Қоғамдық кеңестің отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

№ 9

2025 жылдың «11» ақпан

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/14 үй.

Қоғамның Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысы Meet.Google.com конференцбайланысы арқылы өткізіледі, сілтеме: <https://meet.google.com/org-gkkw-out>.

Отырысқа қатысқандар:

Қоғамның Қоғамдық кеңесі келесі құрамда:

- коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың өкілдері:

1. Боровая Наталья Алексеевна
2. Берден Инжумаржан Мысырғалиқызы
3. Бисембина Динара Аскарвна
4. Калкабаев Азамат Муратбекович
5. Курумбаев Айбулат Шамуратових
6. Нуркебаева Асель Болатовна
7. Салимова Вагида Вилиновна
8. Сапакова Динара Борисовна
9. Нұрлыбаев Нұркен Аргинқазыұлы
10. Тикенов Еркін Амангельдинович

- «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ өкілдері:

11. Сержанұлы Д.

Отырысқа қатысты: Қоғамның Басқарма Төрағасы Қ. Садвакасов.

Қоғамдық кеңесінің хатшысы: Бакаева Ш.М.

Отырысты өткізу үшін кворум сақталған.

Күн тәртібі:

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасымен жұмыс кездесуін өткізу.

Күн тәртібіндегі мәселесі бойынша Қоғамның Басқарма Төрағасы К.С. Садвакасов Қоғамдық кеңес мүшелерімен амандасып, жұмысқа қатысқаны үшін алғысын білдіріп, Қоғамдық кеңес мүшелерінде бар мәселелер бойынша талқылауды бастауды ұсынды.

Қоғамдық кеңестің мүшесі В. В. Салимова сөз сөйледі және Қоғаммен диалогтың жоқтығы туралы пікір білдірді, өйткені оның сұрауы бойынша әлі де материалдар ұсынылмаған, мысалы: фасилитациялық сессия туралы

есеп, инвестициялық жобалармен жұмыс бойынша презентациялар, маркетинг бойынша ақпарат берілмеген. Содан кейін ол сұрақ қойды, Қоғамдық кеңес Қоғаммен диалогты қалай құруға болады?

Басқарма Төрағасы фасилитациялық сессия туралы сұралған есеп әлі дайын емес деп жауап берді, Қоғам оны дайындалғаннан кейін ұсына алады. Сондай-ақ, Қоғамның Қоғамдық кеңеспен диалогқа дайындығы және қызметтегі ашықтығы туралы хабарлады. Коммуникацияларды жолға қою мақсатында Қоғамдық кеңеспен айына бір рет жеке кездесуді ұсынды.

Қоғамдық кеңес мүшесі В. В. Салимова келесі сұрақ қойды: Қоғам құрылымдық бөлімшелерден жауап алмағандықтан маркетингтік қаржыландыруды ұлғайту үшін бюджет сұрауды жоспарлап отыр ма? Сонымен қатар, келесі сұрақтар қойды:

1) Қоғамның құрылымы сайтқа қашан орналастырылады?
2) Неліктен Қоғам қызметкерлері тау-кен кластері сияқты Қоғамдық кеңестің чатында талқыланатын мәселелер бойынша өз ұстанымдарын білдірмейді?

3) Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі (бұдан әрі – ҚР ТСМ) өткізген кеңес бойынша қандай да бір жобалар жария етіле ме?

4) Сондай-ақ, «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңеспен талқылағысы келетін және Қоғамдық кеңес қандай жобаларға немесе кеңестерге қатысуы керек деген ұстанымды, көзқарасты, құндылықтарды білуге бола ма?

Қоғамдық кеңестің мүшесі Басқарма төрағасының орынбасары Д. Сержанұлы сұрақтарға жауап беріп, чатқа жіберілетін сұрақтар осылайша келіп түсетін ақпарат ағынында жоғалатынын хабарлады. Ол үшін ақпаратты бөлек жіберген дұрыс. ҚР ТСМ отырысында экотуризм туралы айтылды. Көрмелер бойынша ұлттық парктерге қатысты және басқа да мәселелер бойынша сауалдар түскен жоқ, сондай-ақ екі апта сайын бұрын келісілгендей талқылау ұсынылады.

Сондай-ақ, Басқарма Төрағасы көрмелерге іріктеу жергілікті атқарушы органдар, Қоғамның әлеуметтік желілердегі арналары арқылы жүзеге асырылатынын және Қоғам қызметін Қоғамдық кеңестің жұмысымен толық интеграциялауды жүзеге асыра алмайтынын айтты. Сондықтан, ол бірлесіп жұмыс істейтін белгілі бір қызмет шеңберін сипаттауды ұсынды.

Қоғамдық кеңестің мүшесі В. В. Салимова Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес туристік объектілер бойынша, мысалы, Маңғыстаудағы Бозжыра бойынша ұсынымдар беру бойынша маркетингке, туристік брендті әзірлеуге және бекітуге қоғамның бюджетін ұлғайту бойынша бірлескен жобалар туралы пікір білдірді.

Басқарма Төрағасы бірлескен қызметтің түйісу нүктелерін іздеу үшін қазіргі уақытта Қоғам жүзеге асырып жатқан қызмет туралы хабарлады.

Қоғамдық кеңестің мүшесі Е. А. Тикенов Қоғамның шағымдарын қабылдау бойынша диалог алаңын құру, мониторинг функцияларының болуы, Қоғам мен үшінші тұлғалар арасында көпірлер салу туралы өз пікірін білдірді.

Қоғамдық кеңестің мүшесі Н.А. Нұрлыбаев іс-шаралар күнтізбесінің құрылғаны туралы хабарлады және тиісті салықтарды жинау үшін шетелдік агрегаторлардың (мысалы, Booking.com және т. б.) Қазақстанда кеңселерін ашу бойынша Қоғамдық кеңестің ұсынымын енгізуді ұсынды.

Қоғамдық кеңестің мүшесі В. В. Салимова ойын бизнесіне қатысты, қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС) бойынша Қоғамдық кеңестің пікірін жасау қажеттілігі туралы пікір білдірді.

Қоғамдық кеңестің мүшесі А. Б. Нұркебаева бех тах туристік жиыны туралы мәселені қайта бастау туралы пікір білдірді.

Басқарма Төрағасы Қоғамдық кеңес мүшелерінің әрбір ұсынысы бойынша өз пікірін білдірді, ҚҚС мәселесі бойынша Қоғамдық кеңес мүшелерін хабардар етуге уәде берді, қолдағаны үшін алғысын білдірді және кездесу нәтижелері бойынша мынадай шешім қабылдауды ұсынды:

1. Қоғамдық кеңес мүшелерімен Қазақстанда туризм бойынша қызмет көрсететін шетелдік агрегаторлардың кеңселерін орналастыру бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізу қажеттілігі жөніндегі мәселені қарау.

2. Қоғамдық кеңестің талқылауына Қоғамды коммерцияландыру, туристік саланы цифрландыру және елдегі тұрақты туризмді дамыту мәселелері шығарылсын.

Күн тәртібіндегі мәселені қарау нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес мүшелеріне дауыс беруге және Қоғамдық кеңестің әрбір мүшесінің пікірін жазбаша түрде сұратуға арналған бюллетеньдер жіберілді.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің дауыс беру үшін бюллетеньдерді тапсырудың соңғы мерзімі: 2025 жылғы 20 ақпан, сағат 13.00. Дауыс беру нәтижелерін санау күні: 2025 жылғы 20 ақпан, сағат 14.30.

Жазбаша түрде пікірі бар ұсынылған бюллетень болмаған жағдайда, Қоғамдық кеңес мүшесі келесі шешімді «Қолдап» дауыс берді деп есептеледі:

1. Қазақстанда туризм бойынша қызмет көрсететін шетелдік агрегаторлардың кеңселерін орналастыру бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізу қажеттілігі жөніндегі мәселені қарастыру.

2. Қоғамдық кеңестің қызметінде «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) коммерцияландыру, туристік саланы цифрландыру және Қоғам қызметкерлері шығаратын елдегі тұрақты туризмді дамыту мәселелерін қарастыру.

Күн тәртібі мәселесі бойынша бюллетеньдерге сәйкес дауыс беру қорытындылары және қабылданған шешім:

Қоғамдық кеңес мүшелерінің бюллетеньдері нәтижесінде келесі шешім қабылданды:

1. Қазақстанда туризм бойынша қызмет көрсететін шетелдік агрегаторлардың кеңселерін орналастыру бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізу қажеттілігі жөніндегі мәселені қарастыру.

2. Қоғамдық кеңестің қызметінде «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) коммерцияландыру, туристік саланы цифрландыру және Қоғам қызметкерлері шығаратын елдегі тұрақты туризмді дамыту мәселелерін қарастыру.

Дауыс беру нұсқалары	Дауыс саны
«қолдады»	11
«қарсы»	0
«қалыс қалды»	0
Шешім көпшілік дауыспен қабылданды	

Қоғамдық кеңес мүшелерінің көпшілігінің пікірін ескере отырып, Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібіне қойылған мәселе қаралды. Отырыстың хаттамасы оған қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қоғамның ресми интернет-ресурсында жарияланатын болады.

**Қоғамдық кеңесінің
Төрағасы**



Г. Оспанова

**Қоғамдық кеңесінің
Хатшысы**



Ш. Бакаева